

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 1100 Қаулысы

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы Заңының 16-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстанның ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының 11,3 пайыз мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Самұрық-Қазына" АҚ) қарасты "KAZNEX" экспортты дамыту және жылжыту корпорациясы" акционерлік қоғамының 100 пайыз акцияларының орнына "Самұрық-Қазына" АҚ-ның меншігіне беруді;

2) оны мемлекеттік меншікке қабылдағаннан кейін "KAZNEX" экспортты дамыту және жылжыту корпорациясы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне беруді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы 237-33-жолмен толықтырылсын:

"237-33. "KAZNEX" экспортты дамыту және жылжыту корпорациясы" АҚ";

2) "Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 мамырдағы N 668 қаулысында :

3-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК